

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІ  
БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫ БАҚ КАФЕДРАСЫ



III Халықаралық Фараби оқулары және «Жас тілшілер»  
атты IV Қожакеев оқулары аясында  
**«ӘЛ-ФАРАБИ – ДАНАЛЫҚТЫҢ ЖІБЕК ЖОЛЫМЕН»**  
атты студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми форумының

## МАТЕРИАЛДАРЫ

*14 сәуір, 2016 жыл*

## МАТЕРИАЛЫ

научного форума студентов и молодых ученых  
**«АЛЬ-ФАРАБИ – ПО ШЕЛКОВОМУ ПУТИ МУДРОСТИ»**  
в рамках традиционных III Международных Фарабиевских чтений и  
IV Кожакеевских чтений «Жас тілшілер»

*14 апреля, 2016 г.*

## PROCEEDINGS

of the Scientific Forum of students and young scientists  
**«AL-FARABI – ON THE SILK ROAD OF WISDOM»**  
as a part of the traditional III International Farabi readings and  
IV Kozhakeev readings «Zhas tilshiler»

*April 14, 2016*

*Алматы*

III Халықаралық Фараби оқулары және  
«Жас тілшілер» атты IV Қожакеев оқулары аясында  
«ӘЛ-ФАРАБИ – ДАНАЛЫҚТЫҢ ЖІБЕК ЖОЛЫМЕН» атты  
студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми форумының  
МАТЕРИАЛДАРЫ

*2016 жыл 14 сәуір*

МАТЕРИАЛЫ  
научного форума студентов и молодых ученых  
«АЛЬ-ФАРАБИ – ПО ШЕЛКОВОМУ ПУТИ МУДРОСТИ» в рамках традиционных  
III Международных Фарабиевских чтений и IV Кожакеевских чтений  
«Жас тілшілер»

*14 апреля 2016 года*

PROCEEDINGS  
of the Scientific Forum of students and young scientists  
«AL-FARABI – ON THE SILK ROAD OF WISDOM» as a part of the traditional  
III International Farabi readings and IV Kozhakeev readings  
«Zhas tilshiler»

*April 14, 2016*

Құлаққа микроның да микросындай құлаққап орнату, тәпшіккіге темір жабыстыру арқылы ішіне шпор салу, т.б. Тіпті атақты Кристидің шығармасындағы Эркюль Пуароның өзі тексеруші болса ешқандай заңға қайшы әрекет таппай ұялғанынан жерге кірер еді.

Бұрынғылар емтиханға кірерден алдын жаттаған билетіміз келсін деп кіретін, қазіргілер момын комиссия келсін деп тілейтін болды. Әрі мұны бизнесмендер де тілейді. Егер, қай өңірде комиссия жұмсақтық танытып «Алтын белгі» иелері мен «Жоғары ұпай» алғандар көбейсе сол өңірдің кафе, ресторандарда күнде жиын, күнде той. Оқушылар үшін ҰБТ айтылатын тілекке де қосылды. Кез-келген туған күнге арналған тілектің соңында «ҰБТ-дан 125 балл жина» деген тіркес қосылатын болды бұл заманда. Заманына қарай тазы болып жүргендер ғой.

ҰБТ – Өмір мектебі. Сәбит Мұқанов жазғандай кеңестік кезеңдегі емес, тәуелсіздік жылдардағы. Өйткені алдағы өміріңнің қандай боларын ауылда қаласыңба, қалаға барасыңба шешіп береді. Әулие-әмбие аралатып, Арыстанбабқа апарып түнететін, Яссауиден тілететін де сол болды. Жер-жердегі құдық біткеннен су ішкізіп, денесін де жуғызады.

ҰБТ енген алғашқы жылдары талапкерлер оңбай сүрінетін. Тіпті сол жылдары елімізді суицид жасайтындардың арасында үздік қатардан көрсетті. Алайда қазіргінің мектеп бітірушілері бұған қарсы «иммунитет қалыптастырған». ҰБТ-мен ұлы өмір бітпейтінін, түбінде бақытты болатынын біледі. Немесе, өздерінің спортқа, шығармашылыққа «икемі» барын бірден түсінеді. Ал енді кейбірі патриоттық сезімі оянып отан қорғауға аттанады. Тіпті соңында ұлды қыз, қызды ұл етті бұл ҰБТ. Иә ол рас, ешқандай да операциясыз. Себебі, біздің халық жоғары балл жинау үшін бәріне дайын ғой.

Самал Қ.,

*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ, журналистика факультеті, I курс  
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Ә.А.Әлім*

### ТАНЫСЫ БАРДЫҢ ШАНСЫ БАР(ФЕЛЬЕТОН)

Тынысы тарылған бөлмеде халық арасында «Месқарын» бастық болып аталып кеткен адам тектес дене ары-бері теңселіп жүргенін қоймады. Ол, тіптен, өзінің шағын ауданына тексеріспен «Ревизор» келетінін ести сала, ірі денесіндегі қарыны дір-дір еткен күйге, аянышты қалыпқа түсе бастады.

Аядай бөлмеде бастығының былшиып, төңірегіне сыймай, тербеліп жүргеніне хатшы қыз таң қалмады. Ол үшін бұл қалыпты, үйреншікті жағдай. Бастығының тексерістен соң, еріксіз 10-15 килограмм тастап, кейін өз салмағына тағы қосатынын да ол жақсы біледі. Хатшы қыз деген артық болар, бастықтың көмекшісі, оң қолы деген дұрысырақ сияқты. Ол қыздың оған түптен келгенде туған ағасының қызы болып келетін туысқандығы тағы бар.

Арамтамақ бастықтың, ол үшін бәле аталып кеткен «Әтчөтті» жоғары жаққа өткізбегеніне бірнеше айдың жүзі болды. Сол себептен, жұмыс аяқ астынан басталып кетті. Планды орындау керек қой. Үстел беті тамақ қалдықтарына жиналатын, быж-быж еткен шыбындардан бой көтермей кетті.

Бұл көріністен хатшы қыздың жүрегі айнып, жұмыстың көптігіне қарамастан: «Бастық менің ағам ғой, керек болса, өзі жасап алсын өтірік есебін, ұрыспас»,- деп қолды бір сілтей, кетіп қалады.

Хатшы қыз кете сала, бөлмедегі телефон шыр ете қалады. Бұл дауысты естіген бастықтың жүрегі су ете қалып, көзі мөлтілдеп, денесі бөлкілдеп, телефон тұтқасына ырғалып-жырғалып әрең жетеді.

«Әлөу»,- деген жоғары жақтан келген бір дауысқа, телефон тұтқасын көтерген бастықтың жегені желкесіне тығыла бастайды.

«Сұмдық-ай, бұл облыс ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы ғой»,- деп, қобалжиды ол.

Телефонның екінші жағынан: «Құрметті, Кеңесбек Қыңырбаевич! Ертең сіздің басқарып отырған ауданыңызға шұғыл іс-сапармен облыс әкімі келмекші. Оның келгендегі мақсатын айқындап, ебін, көңілін тауып, сый-сыяпат көрсетіп, күтіп алыңыз»,- дегенде, мес қарын бастық төбесінен жай түскендей күйде аңырап қалады.

Ол бұрынғы айқайына басып, хатшы қызды тағы шақыртады. Осы кезде, оның бүкіл денесін үрей сезімі билеп, шыдамдылық танытпағандықтан, жүрісі ырғалаң-ырғалаң етіп, хатшы қызға қарсы жүгіреді, үстінен арам терісі судай аға бастайды, май басқан денесі арс-арс ете түседі.

Хатшы қыз болса, ағасына еркелеген түрі ме, басқа бөлмеде аяғын аспанға көтеріп тұрып, ұйықтап жатыр екен.

«Тұр, Тоқашгүл»,- деп айқай салады ол, өзінің дауысынанөзі қорқа түсіп.

Қарындасыболса оған, ұйқы үстінде: «Тамақ, тамақ беріндер, қарным ашып тұр»,- деп сандырақтай жөнеледі.

«Тұр, Тоқашгүл, анау үлкен әпкеңнің баласыкүзетші Танысбекті білесің ғой, соған қоңырау шал, ақылдасатын шаруа бар», - деп,басеке, тамағын қарлыға жұтынады.

Оған Тоқашгүл сасқалақтап:«Ойбай, аға, біз құрыдық», -дейді де, жерге бір құлайды, есін жоғалтқандай болып.

Біраз уақыт өткен соң, Тоқашгүл өзіне келіп, ағайынды үшеуі бас қосады, сөйтсе, бұлар бір адамды ұмытып кетіпті. Ұмытқандары-көзі тас төбесіне шыққан, көзілдірігі бетінен дәу, есепші Кезіргүл Жақтырмасқызы екен.

Енді есепші Кезіргүл Жақтырмасқызымен қоса төртеуі жиналып, сырттан келген бастықты күтіп алу жоспарын қызу талқыға салады. Осы кезде мес қарынды бастық баяғыға басып, «Шықбермес Шығайбайдың» кейпіне ене бастайды да:«Дастарханға салар менде ештеңе жоқ», -деп іші бұратылған төбеттей, тарау-тарау, күс-күс алақанын алдына жаяды.

Сонда есепші Кезіргүл Жақтырмасқызы күйеуінің сөзін қуаттандырып:«Уайымдамаңыздар, жолдастар! Қам жеменіздер, біздің басты қозырымыз-халық, яғни ел. Барлық кетер шығынды халық өзі көтереді, олар ондайға үйренген, несіне байбалам саласыздар?».

Сонда хатшы сымақ әлгі ерке-тотай қыз:«Иә, иә, осы жеңешемнің сөзі орынды», -дейді.

«Ағайындарым, бауырларым. Біз кім үшін, таңның атысынан, кештің батысына дейін қызмет етіп жүрміз? Әрине, халық үшін. Болды, болды, халық көтереді бар шығынды», -деп бастық байбаламға басады.

Сол күні бастық түні бойы дөңбекшіп, ұйықтай алмай шығады. Содан не керек, көптен күткен сырттан келетін «ревизор» атанған бастықтың да басы көрінеді.

Келген қонақтың түріне қарасаңыздар, бетінде жемқор, нан соғар екені жазылып тұрғандай, өзіміздің мес қарынды бастықтан аумай шығады. Таныса келе, олардың рулас екендігі де белгілі болады. Бұл оқиғаның ақыры-қорқыныштың сейіле бастауымен аяқталады. Содан не керек, екі бастықтың әңгімесі жараса кетеді.

Ағайынды жемқорлар жолы үлкен-келген бастықтың аяғын жерге тигізбей, әулие деңгеіне көтереді. Қонақ күткен бастықтың үйінде қазаны қатты, сорпасы тәтті болып, дәм-тұздары жараса кетеді. Тамақтан-тамақ, шараптан-шарап судай ағып, халықтың жағдайы жайына қалады, келген бастық оған жасалынған күтімге риза болып, еліне оралғанда барған ауданы туралы ауыз толтыра мақтай, ауыл халқының пейілін өзінің денесіндегі кең екендігін айтып, келесі ауданға жол жүріп кетеді.

Ол жерде де оны-мұны ортақ бөліске салатын басқа бастық-руласы, бауыры не қарындасы күтіп тұрмағанына кім кепіл, айтыңыздаршы, ағайын, дұрыс-бұрысын?!

Рамазанова Ж.С., Жумабекова Г.Е.,  
«Қазақ радиосында» берілетін жарнамалардың сипаты ..... 139

**«Ең үздік ғылыми жұмыс» номинациясы бойынша**

<i>Ақмұрзиев А. А.</i> Темірбек Қожакеев – сатира саңлағы .....	142
<i>Абирбек С.</i> Влияние фельетонов М.Кольцова на развитие казахской сатиры 20-30-х гг. XX века XX века .....	156
<i>Әбенова Ж.</i> Критики о Булгакове как о сатирикe .....	165
<i>Ермекбаева А.</i> Сатирическое направление в творчестве В.В.Маяковского .....	172
<i>Ильчибаева А.</i> Стихотворные фельетоны и фельетоны в прозе: эволюция жанра от Д.Бедного, Ю.К. Олеси, В. Маяковского к Д. Быкову и С.Мекебаеву.....	178
<i>Қожамжарова С.</i> Танысы бардың шансы бар (фельетон).....	188
<i>Қайнышева М.</i> Қазақтың мұзбалағы – Темірбек Қожакеев.....	189
<i>Лим А.</i> Традиции фельетонов Михаила Зощенко в казахстанских СМИ .....	204
<i>Мәлік Ә.</i> Сатира в современной печати Казахстана .....	207
<i>Шуинов А.</i> Сатира – күштілер қаруы .....	212

**«Ең үздік сатира» номинациясы бойынша**

<i>Красикова В.</i> Я знаменит.....	217
<i>Красикова В.</i> Выйдя из аэропорта, я перестала дышать .....	218
<i>Пердәлі Р.</i> Ұлы бір Көш түзеу.....	218
<i>Самал Қ.</i> Танысы бардың шансы бар.....	219